

¹Ж.К. Адилова*, ²А.А. Қасымова¹Әлихан Бөкейхан университеті, Семей, Қазақстан²Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан

*Байланыс үшін автор: adilova_21@mail.ru

Қазақ және көне түркі топонимдік жүйесінің ортақ белгілері

Аңдатпа. Бүгінде топонимдер еліміздің тыныс-тіршілігіне қажетті бағыт-бағдар беретін таңбалық қызметінен басқа үлкен қоғамдық-саяси маңызға ие болып, ұлттық, танымдық сипаттарымен алдыңғы орынға шықты. Өйткені жер-су аттары адамзат қоғамында ғана пайда болып, өмір сүріп, қызмет ететіндіктен, сол қоғамда болып жататын өзгерістерден тыс қала алмайды. Уақыт өте бұл өзгерістер тарихқа айналады. Кешегі оқиғалар – бүгінгі күннің тарихы болып табылады. Қазақ халқының да жер-су атаулары халықтың сан ғасырлық тарихынан сыр шертеді, еліміздің тарихын өте ерте кезеңдерге дейін жетелейді. Осы себепті еліміздің басынан өткен «сан қилы» заманда көптеген топонимдердің өзгеріске ұшырауына, ұмыт болуына байланысты жер-су атауларын зерттеу бүгінгі күні өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Топонимдер халықтың тарихи ескерткіштерінің көзі болғандықтан, көне түркіден бүгінгі күнге дейінгі топонимикалық жүйенің ерекшеліктерін зерттеу, тарихи-этимологиялық талдау жасау – кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің бірі. Қазақ топонимикасын түркілік бірегейлік контекстінде зерттеу көшпенділер өркениетінің қайталанбас тарихи моделін жаңғыртуға, сондай-ақ, ортақ түркілік интеграцияны нығайтуға мүмкіндік береді. Қазақ және басқа түркі тілдеріндегі жалпы топонимдерге зер салғанда, атаулар құрамындағы географиялық терминдер мен жұрнақтарды қолданудағы ұқсастықтар біздің назарымызды аударды. Көне түркі тілінен бүгінге дейінгі топонимдерде сақталған жалпы тарихи ерекшеліктер осы зерттеуге алып келді. Мақалада ортақ түркілік географиялық терминдердің көне және қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысы зерделеніп, ортақ белгілері түсіндіріледі. Мақаланың мақсаты – қазақ және көне түркі тіліндегі топонимдердің ортақ белгілері мен ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ түркі диалектілеріндегі топонимдердің жалпы аспектілерін анықтау. Осы себепті географиялық атаулар салыстырылып, зерттелді.

Кілт сөздер: топоним, жер аты, тарих, түркі тілдері, бірегейлік

DOI: 10.32523/2616-678X-2022-138-1-87-95

Кіріспе

Бүгінгі әлемдік жаһандану кезеңінде ұлттық бірегейлік пен бірлікті кейінгі ұрпаққа жеткізу – әрбір адамның азаматтық парызы болмақ. Ұлттық бірегейлік дегеніміз – ортақ құндылықтар. Ортақ құндылық дегеніміз – ең алдымен әрбір адамға ананың сүтімен даритын ана тілі, ұлттық тілі. Ұлттық тіл – бүкіл халықтың ғасырлар бойынша басынан кешкен тарихы, салт-дәстүрі мен мәдениетін ұрпақтан ұрпаққа жеткеретін құрал. Олай болса, кез келген халықтың ұлттық болмысы, ерекшелігі тілінде сақталады. Яғни, ана тілі – елдігімізді білдіретін ұлттық кодымыз болып табылады. Ұлттық кодымыздың сақталуын, ұрпақтан ұрпаққа бұрмаланбай, сол қалпында жетуін қадағалау, сыртқы себептердің салдарынан халық жадынан сөніп бара жатқан ұлттық белгілерімізді жаңғырту алға қойған үлкен мақсатымыз болып табылады.

Осы мақсатты негізге ала отырып, қазақ және көне түркі топонимикалық

жүйесіндегі ортақ белгілерді ғылыми негізде қарастырып, этимологиялық тұрғыдан сипаттама бере отырып, ерекшеліктерін анықтауды жөн көрдік. Зерттеу барысында Шығыс Қазақстан аймағы бойынша қол жеткізген тілдік материалдарды және көне түркі жазба ескерткіштері, ортағасырлық әдеби жәдігерлер, сондай-ақ, қазіргі түркі тілдерінде орын алатын топонимдік атаулар негізге алынды. Түркі халықтарына ортақ жәдігер болып табылатын Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде (Күлтегін, Тоникөк, Білге қаған), Оғыз, Қимақ, Қарахан мемлекеті кезеңінде өмір сүрген алғашқы түркітанушы Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрік» атты еңбегінде және т.б. кездесетін жер-су, елді-мекен атаулары бүгінгі таңдағы қазақ тілінде қолданылып жүрген топонимдермен грамматикалық құрылысы, сөзжасамдық белгілері тұрғысынан ұқсас болып келеді. Бұл ұқсастықтар қазақ тіліндегі топонимдердің лексикалық жағынан, я болмаса, қалыптасуы жағынан сонау көне түркі дәуірінен бері қолданыстағы атаулармен ортақ белгілерге ие екендігін аңғартады.

Зерттеу әдістері

Қолданбалы әдістемелік қағидалар мен реттеуші ережелер ретінде мақалада лингвистикалық, тарихи, мәдени және философиялық ғылымдардың теориялық принциптері де, мәдениеттің дамуының жалпы заңдылықтарын ашуға мүмкіндік беретін қолданбалы тәсілдері де пайдаланылады, әлеуметтік мәдени үрдістердің тарихи жағдайлары қолданылады. Зерттеудің әдісі мен формасы мақалада міндеттерге сәйкес әртүрлі болады.

Мақаладағы ғылыми зерттеу этнолингвистика, этимология, өлкетану, әдебиеттану, тарих, әлеуметтану сынды ғылым салалары бойынша мәліметтерді біріктіруге мүмкіндік береді. Зерттеу әдісін анықтаған жүйелілік принципі – мақалаға негіз болып табылады:

- салыстырмалы-тарихи әдіс топонимдердегі тарихи, туыстастық ерекшеліктерді анықтап, ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді;

- аналитикалық-интерпретативті әдіс түйіндес топонимика мен көпқырлы мәдениетті және әлеуметтік қызметтің формаларын табуға мүмкіндік береді;

- тарихи-әдеби әдіс этнолингвистикалық және тарихи өлкетану концепциясын қалыптастыруға мүмкіндік береді;

- функциональдық-жүйелік әдісі топонимикалық бірліктердің әртүрлі формаларының ортақ мәдени негізін анықтауға, лингвистика ғылымының мәдени және әлеуметтік қызметін анықтауға мүмкіндік береді;

- компаративті сараптау әдісі тарихи нақтылық өзгерістері рухани мәдениеттің дамуы мен оның құндылықтарының сақталуына идеологиялық элементтердің ықпалын бақылауға мүмкіндік береді.

Талқылаулар

Лингвистиканың атаулар туралы саласы болып табылатын ономастика тұрғысынан алғанда, топоним дегеніміз – тілдің номинация қызметін атқаратын, атайтын және белгілейтін бірлігінің бірі. Белгілі бір белгісі бойынша, яғни аумақтық, тілдік, кейде хронологиялық ерекшелігі бойынша анықталатын географиялық атаулардың жиынтығын топонимия деп атайды. Топонимия немесе топонимикон топонимика ғылымының зерттеу объектісі болып табылады [48, 6]. Топонимияны лингвистер тілдің айрықша лексика қабаты ретінде қарастырады. Ал географиялық ғылымдар тұрғысынан алғанда, топоним белгілі бір нысанға берілген атау ғана емес, оның, географиялық болмысын айқындап тұратын, мағыналық жүктемесі жағынан белгілі бір ақпарат бере алатын, жалпы алғанда сол

нысанның өзінен айырып қалуға болмайтын атау болып табылады. Топонимдер жергілікті жердің кеңістіктік сипаттамасын беретін бірден-бір белгі жүйесі қызметін атқарады. Ал топонимдерді (географиялық атаулар), олардың шығу тегі, дамуы, қазіргі жай-күйі, мағынасы, жазылуы мен айтылуын зерттейтін ғылым топонимика деп аталады.

Жапы алғанда, Шығыс Қазақстан өңіріндегі топонимдердің түпкі тарихы тілдің шығу, пайда болу дәуірінен бастау алады. Оның негізгі белгілері: 1) түбірлердің бір буынды болуы; 2) дыбыстық өзгерістердің болуы; 3) көптеген түркі тілдерінің сөздік қорында ұқсастықтардың болуы. Осы белгілері негізінде өңірдің жер-су атауларында орын алатын ортақ түбірлерге талдау жасауға болады. Қол жеткізген тілдік материалдарды саралай келе, барлық түркі тілдеріне ортақ «төбе», «шоқы», «су» географиялық терминдерінің мағыналық қолданысына тоқталуды жөн көрдік.

Шығыс Қазақстан өңірінің **Үштөбе, Төбелең, Төбет, Салқынтөбе, Жанғызтөбе, Жалғызтөбе** сынды топонимдері құрамында кездесетін және түркі тілдерінде кең тараған сөздердің бірі – төбе. Қазақ тілінде: «Төбе 1. Топырақ, құм, немесе тастан үйіліп қалған биік дөң, шоқы. 2. Бастың ең үстіңгі бөлігі. 3. Бір заттың ұшар басы, ең жоғарғы жағы» [2, 645 б.] деген мағына береді. Көне түркі жазба ескерткіштерінде, соның ішінде Орхон жазбаларында «төрө» - шығыңқы биіктеу жер, төбе, шың мағынасын берген [10, 256 б.]. М. Қашқаридің «Диуани лұғатында» «төрү/ түрү» - сөзі адамның басының ең үсті» деп сипатталады [12, 1070 б.]. О.Т.Молчанованың топонимиялық сөздігінде «төбе» сөзіне «Төбө (основное значение – макушка головы, телья) в алтайской топонимии означает вершину горы; небольшое возвышение; холм, пригорок; ср. Азерб. тәпә – телья, макушка; холм, пригорок, горка, сопка, высь, вершина, верхушка; башкирск. түбә – крышка, кровля; вершина, холм; казах төбе – холм; кирг. төбө – макушка горы, хребта; вершина (в географическом аспекте), дөбө – холм, возвышенность, дөбө и дөн почти всегда синонимы; каракалп. Төбе – верх, вершина, холм, сопка, возвышенность; татарск. түбә –крыша, кровля, вершина, верхняя часть чего – либо, туркм. дөпе – 1) бугор, холм, сопка; бархан; 2) верх, верхушка, вершина; макушка; 3) телья, теменной, доагын депеси – вершина горы; узбек. тепа – 1) холм, бугор; 2) верх; вершина, верхушка; макушка; шор. төбе – холм, вершина горы; якутск. төбө - 1) голова; головной; 2) верхушка; макушка, вершина, хайа төбөто – вершина горы; 3) конец, кончик; др. – тюрк. Төпү – 1) темя, макушка; голова; 2) вершина» деген этимологиялық сипаттама беріледі [3, 97б.]. Түрік ғалымы Түнжер Гүленсойдың сөздігінде «тере» - бір заттың ең үстіңгі бөлігі. Ең көне түркі тілінде төбү – төрү – төрө нұсқалары; Көне ұйғырда төрү – төрі нұсқасы; Орта Түркі тілінде тере – адам басының үстіңгі бөлігі; Көне Қыпшақ тілінде тере – төре; Шағатайда тебе нұсқасы» беріледі. Мағыналық жағынан алғанда «төбе» сөзі барлық түркі тілдерінде бір заттың үстіңгі бөлігі деген мағына береді [4, 880б.]. Ғалым Э.М. Мурзаев: «Тепе – вершина, бугор, сопка, холм (тюрк). Др. – тюрк. төрү – телья; «макушка»; «голова»; «вершина». Варианты: дөпе, дөбо, топпа, тепа, тобе, тюбә, тапә. В рус. геогр. литературе часто принята форма тепе. В Западной Сибири – тубя. Тепелик – «мелкосочник», «холмогорье» (азерб). В болг. диал. тепе – «холм», «бугор», «вершина», «пик» из турецк. яз. Ясные параллели: бур. дөбо – «холм», халха – монг. дөбо – «небольшая горка», «холм», «курган», «насыпь», дөбек – «вершина горы», «пик»; эвенк. Дүеэ – «конец какого – то предмета»; «вершина», «исток реки»; ороцское дувэ, дүэ – «конец», «острие», «мыс»; маньчж. дубэ «конец»; «вершина горы, дерева», «устье реки», «край», «предел»..., деп «төбе» сөзінің фонетикалық варианттарымен қоса, әртүрлі мағыналарын да келтіреді [5, 549б.]. Э.М.Мурзаевтың мәліметтеріне сүйенсек, аталған түбір түркі тілдерінде ғана емес, сонымен қоса алтай, тұңғыс-манжур тілдерінде де кездеседі. Қазақ тіліндегі топонимдердің құрамында келетін «төбе» географиялық термині топоним жасауға қатыса отырып, көп жағдайда, аса биік емес, жеке дараланып тұатын, жердің шығыңқы бөлігі мағынасында қолданыс табады. Бұл сөздің қолданыс аясы көнеден

бері аса кең географияны қамтуын ескерсек, Шығыс Қазақстан өңірінде кездесетін **Үштөбе, Төбелең, Төбет, Салқынтөбе, Жанғызтөбе, Жалғызтөбе, Майтөбе** топонимдерінің құрамындағы «төбе» сөзінің көне түркі кезеңінен бері сөздік қорда орын алатын, топоним жасауда бесленді географиялық термин екенін айта аламыз. «Төбе» сөзі бұдан басқа да көптеген жер аттарының қалыптасуына негіз болған. Жер атауларының құрамындағы сөздердің этимологиясын көне түркіге, алтай кезеңіне дейін көтеру қазақ халқының қалыптасу тарихын да ерте заманға көтеру мүмкіндігін береді.

Шығыс Қазақстан өңіріндегі топонимдердің қалыптасуында «шоқы» сөзінің әсері де көп. Мәселен, **Айтқаншоқы, Бесшоқы, Бесшоқы Текей, Бұқашоқы, Жуаншоқы, Қанды шоқысы, Қосшоқы, Құлдық шоқысы, Қызылшоқы, Сарышоқы** тәрізді этнотопонимдері құрамындағы «шоқы» сөзі әуел баста бір таудың, төбенің ең үстіңгі бөлігі мағынасын бергенімен, уақыт өте келе жалқы есімге трансформациялану процесінен өткен. Ал «шоқы» сөзінің алдындағы айтқан, бес, бұқа, жуан, қанды, қос, құлдық, қызыл және сары сөздері оның белгілері болып табылады. Кез келген аймақтың географиялық ерекшелігі әртүрлі болады. Яғни әр жерде кездесетін шоқылар, түріне, түсіне, санына, көлеміне мөлшеріне қарай әртүрлі болады. Осы белгілеріне орай халық оларға әртүрлі атаулар берген. Бұл атаулар уақыт өте келе сол таудың, не төбенің атауына, не болмаса елді мекен атауына айналып отырған. Алайда кез келген этнотопонимнің пайда болу, қалыптасу кезеңін дәл басып айту қиын. Тек қана оның құрамындағы сөздердің этимологиясын анықтау арқылы ғана ол сөздердің қолдану дәуірін анықтау мүмкіндігіміз бар.

«Шоқы» сөздің жалпы мағыналарына тоқталатын болсақ: «шоқы» - биік жота, төбе; «шоқат» - төбешік; қырат, қырқалар; «шоқылы» - шоқысы бар, шоқысы көп – орографиялық ландшафттың бір түрі (мелкосочник); «шоқалақ» - кедір – бұдыр, ойлы – қырлы жер; «шоңғал» - тіңкиген үлкен тас» [2, 735-737бб.]. Бұл сөздердің басын біріктіретін негізгі ұғым – «шоқы» немесе «төбе». Кейбір түркітанушы ғалымдардың тұжырымдары бойынша «шоқы» мен «төбе» сөздері фоносемантикалық варианттар. Ғалым А.Б.Мақұлбек түркі тілдеріндегі ш - т -, с -, ц - дыбыстық өзгерістердің бола алатындығын ескере отырып, аталмыш пікірді ұсынады. Сондай-ақ, ғалым түркі тілдері арасында т-д-й дыбыстық өзгерісті негізге ала отырып, Шығыс Қазақстан өңіріндегі Қатонқарағай атауына фоносемантикалық талдау жасайды. Әуел баста Қатынқарағай болып, кейін қазақ тіліне орыс тілі арқылы Катонқарағай (Қайыңқарағай) болып келген бұл этнотопоним өз бастауын қайың сөзінен алады. Түркі тілдері арасындағы т-д-й дыбыстық өзгерісті ескерсек, көне түркі тіліндегі «қатын», яғни қайың сөзі алдымен қатын-қадын-қайың өзгерісіне ұшыраған. [9, 36-41бб.]. Тілімізде «Қатонқарағай» атауында түркілік негізін сақтап келген «қатын» сөзі қазір тілімізде «қайың» болып қолданылады. Көне түркілік негіздің тілімізде сақталуы қазақ тілінің тамыры өте тереңде екенін көрсетеді. Сондай-ақ, Ақсуат өңірінде де Нарын өзенінің жағасында орналасқан Катон атты жер, қыстақ аты кездеседі. Біздің тұжырымымыз бойынша бұл сөз де Катон – қатын – қадын – қайың тәрізді фоносемантикалық өзгеріске ұшыраған атау. Бұл аймақта көне заманда қайың ағашы көп өскендіктен, берілген атау деген пікірдеміз.

«Шоқы» сөзі О.Т. Молчанованың сөздігінде: «кирг чоку – 1) теменная кость; 2) голова (человека), макушка; 3) шихан, мар. (горный рельеф), вершина, макушка, тоонун, чокусу – вершина горы; казах. шокъы – «одинокая коническая возвышенность; острый холм, бутор, сопка, пик; остроконечная вершина горы»; узб. чукъкъи – «вершина горы, горный пик»; монг. цохио – «утёс; калм». цох – 1) «висок; ступа». Чоку как составная часть входит в ряд географических наименований, например, р., кл., ур. Бараон – Чоку, г.Бес – Чоку и др.» болып сипатталады [3, 105б.].

Ал А.М. Малолетко «чоку» сөзінің дыбыстық өзгерістерін көптеген түркі, моңғол, тұңғыс-манжуртілдерінде ш - т -, с - ц-дан басталатын нұсқаларын келтіре отырып, «Чоку»

таудың ең үстіңгі бөлігі, таудың басы мағынасында келетін нағыз алтайлық сөз екенін атап өтеді. Ғалым «шоқы» сөзінің түркі тілдерінде «Узб. чуккы «пик, вершина», Каз. шоқы «одинокая коническая возвышенность», Караим. чигив «холм, возвышенность», Уйг. чока, чокка «вершина», «макушка», Кирг. чоколок «вершина горы, холма»; моңғол тілдерінде «Монг. сохо, цохё «вершина», возвышенность с камнями (из. тунг. или наоборот)»; тұңғыс-манжур тілдерінде «Эвен. човко, чуку, сохо, цоко, «вершина горы», «пик (горы)», тунг.-маньчжур. чокондо, сохондо «исполинская вершина» тәрізді дыбысталып, мағынасы жағынан біртектес немесе жақын болып келуін баса көрсетеді. [6, 166б.]. Бұл тұжырымдар «шоқы» сөзінің этимологиясын сонау көне түркі, алтай кезеңіне көтереді. Қазақ тіліндегі «шоқы» сөзінің мағынасы басқа түркі тілдерімен салыстырғанда, мағыналас келетіндігіне көз жеткіздік. Яғни, көптеген түркі тілдерінде «шоқы» сөзі «төбе» сөзімен мағыналас келеді, яғни жеке-жеке орналасқан төбешіктер мағынасын береді. Шығыс Қазақстан топонимикасында жер алатын **Айтқаншоқы, Бешшоқы, Бешшоқы Текей, Бұқашоқы, Жуаншоқы, Қанды шоқысы, Қосшоқы, Құлдық шоқысы, Қызылшоқы, Сарышоқы** атауларының құрамындағы «шоқы» сөзі бұл атаулардың да қалыптасу тарихын әріге апарды. Сондай-ақ, бұл атаулардың алтай дәуірі, көне түркі дәуірінен бері қазақ халқының ұлттық кодын тасымалдап келе жатқан атаулар екеніне еш күмәніміз жоқ.

Шығыс Қазақстан топонимиясында топонимдер, гидронимдер құрамында жиі кездесетін сөз – су: **Болатсу, Жарсу, Кезең су, Қанды су, Сүтті су** және т.б. Түркі тілдерінде бұл сөз «бұлақ», «су», «өзен» (кішігірім), көл (кішкентай) деген ұғымдарды береді. VIII ғасырға жататын көне түркі ескерткіштерінде сув «су» формасын береді. Өзбек, күмық, ноғай тілдерінде бұл сөз сув; хакас және тува тілінде сут түрінде кездеседі. Мәселен, М. Қашқариде «чущбашы» су басы немесе өзеннің бастамасы деген тіркес кездеседі [12, 811б.].

«Су» сөзі Сібір түркі тілдерінде су, чул, шул, ю, сут нұсқасында кездеседі. Топонимика мамандары М.А. Абдрахманов және А.А. Банюховтың зерттеулері бойынша: «сут – «река, вода», варианты – зуг, сунг, су, зу. Например, «арачылыгсут– «дальняя, теплая речка»; курусут – «сухая речка»; карасут, каразу (диалектный вариант – карасу) – «черная (родниковая) речка»; орсунг, көнсунг – «плесовая речка», казырсу, сөрөрсу, кусу. Некоторые названия имеют термины «река» различного происхождения: кичигчулсу, улутчулсу. Здесь к элементу чул – «река», характерному для хакасского, присоединяется тюркский термин су(г). В русской адаптации термин сут передается в виде – са, -за, зы, например: Карасут, рус. Караса; Адиаксут – Адиакса, Чылыксут – Чилису, Чилиса; Игесу – Егоза (Йегоза); Кубанзу – Кубанза; аргысут – «дальняя речка» - Аргазы» деген нұсқалар да бар [7,163-164бб.]. Түркі тілдеріндегі «су» сөзінің моңғол тілдерінде де дыбыстық өзгеріске ұшыраған нұсқалары бар: монг. суваг «арық», «жыра», «қазылған ор»; моңғол жазба тілінде «субаз», сойон тілінде «сулак» - «жылға, арық» [4, 811б.].

Алтай, көне түркіден бері қарайғы «су» сөзінің түркі тілдеріндегі нұсқалары көптеген жер атауларының қалыптасуына негіз болды. Мәселен, «Ұлан» өзені жайында Е.Қойшыбаев: “Ұлан – тау өзені, аудан аттары (Шығыс Қазақстан). Шамасы, түркі этнонимі бойынша аталуы керек. Бұл сөздің түркі тілдеріндегі негізгі мағынасы “бұғы” ұғымын білдіреді, ал моңғол тілдерінде “қызыл” мағынасындағы түсті көрсетеді” деген этимологиялық сипаттама береді [8, 180-181бб.]. Алайда «Ұлан» сөзін фоносемантикалық тұрғыдан зерттеген ғалым А.Б. Мақұлбек мүлдем басқа этимологиялық талдау жасайды. Ол бұл атаудың қалыптасуын Сібір түркі тілдеріндегі «су» сөзінің чул–йул-ул нұсқаларымен байланыстырады [9,43б.]. Ақсуат өңірінде кездесетін «Ұласты» атты өзен, елді мекен атауының этимологиясын «су» сөзінің Сібір түркілерінің тіліндегі фоносемантикалық варианттары негізінде анықтауға болады. «Су» сөзінің басқа түркі тілдердегі йыл, ол, уол, йол, ул, іл(ил), жыл, жил, уль, улис, ыль, иле, иль, эл тәрізді ылғал, су, жылға мағынасын

беретін нұсқаларын ескерсек, тізімдегі ол/ул/уль/улис түбірлері қазақ тіліндегі «Ұласты» атауының қалыптасуына негіз болуы әбден мүмкін. Бұл сөздің құрамындағы «ұлас» түбірі «ылғал» мағынасын берсе, -ты топоним жасайтын көне түркілік жұрнақ болып табылады. Сөздің тура мағынасы «ылғалды» мекен, «сулы», суы мол өзен дегенге саяды.

Қалай болғанда да қазақ тіліндегі «су» сөзі негізінде де, түркі тілдеріндегі басқа фоносемантикалық нұсқалар нәтижесінде де қалыптасқан топонимдер қазақ тілінің түркі тілдері арасында бір сөздің бірнеше нұсқасын қолдану ерекшелігін және тіліміздің терең тарихын танытады. Түркі тілдеріне фоносемантикалық ерекшеліктерге ие, ортақ түбірлердің қазақ жер-су атауларында орын алуы көне тілімізбен сабақтастығымызды, терең тамырымызды, дәстүр жалғастығымызды танытады.

Нәтижелер

Түркі тілдерінің топонимдеріне тән ортақ белгі –топонимдердің атауларына ортақ элементтердің қатысуы. Ортақ элементтер, осы мақала негізінде төбе, шоқы және су географиялық терминдері топонимдерге соңында немесе өте сирек жағдайда басында қосылады. Осы сапада қолданылатын лексикалық бірліктер өте алуан түрлі. Айрықша элементтер бір семантикалық топтың сөздерінен де, әртүрлі сөздерден де тұруы мүмкін. Бұл жағдайда объектінің географиялық орналасуы, көлемі, оның құрылған күні, ұлты, сондай-ақ жеке тұлғаға тиесілі болуы маңызды. Түркі халықтарының топонимдеріндегі параллелизм кездейсоқ емес, бұл ежелгі түркілердің жалпы ойлау тәсілінің нәтижесі. Топонимдерді зерттеу түркі халықтары тарихи өмір сүрген аумақтарды нақтылауда үлкен маңызға ие және болашақта одан әрі зерттеуді қажет етеді.

Қорытынды

Сонымен түркі халықтарының ортақ топонимдік ерекшеліктерін қарастыра келе, жер-су атауларының өзіндік айырмашылықтары мен ұқсастықтары ажыратылады. Атап айтқанда, топонимдер құрамындағы көне түркі тілінен бері қолданылып жүрген сөздер барлық өңірлерде орын алады. Ол сөздердің топонимикалық атауларда кездесуі бізге ортақ түркілік жүйеден мол мағлұмат береді. Сонымен қатар, төбе, су, шоқы геоморфологиялық, гидронимдік аппелятивтердің ортақ қолданысы, яғни әрбір түркі тілінің жер-су атаулары құрамында өз мағынасында немесе ауыспалы мағынасында көрініс табуы ортақ түбір мағынасын тудырады. Яғни, уақыт сынына қарамастан, көне түркілік белгілерімізді топонимикамыздан табу және көпшілік қауымға таныту арқылы өткенімізді, тамыры тереңде жатқан тарихымызды топонимдік жүйеміз арқылы тани аламыз. Біздің халқымызды қалыптастырушы ұлттық кодымызды негіздей түсеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 256 б. – кітап
2. Қазақ тілінің сөздігі. 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркестері қамтылған / А. Байтұрсынұлы атын. тіл білімі ин-ты; Құраст.: Ә.Болғанбаев, Б.Қалиев, С. Бизақов т.б. Жалпы ред. басқарған. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк – Пресс, 1999. – 776 б. – кітап
3. Молчанова О.Т. Топонимический словарь Горного Алтая. Под ред. к.ф.н. А.Т. Тыбыковой. Горно – Алтайск: Горно-Алтайское отделение Алтайского книжного издательств, 1979. – 337 с. – кітап
4. Түнжер Гүленсой. Түрік тілінің этимологиялық сөздігі. 2-том. – Анкара, Йайын

еві баспасы, 2011. – 1204 б. – кітап

5. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. – Москва: Мысль, 1984. – 653 с. – кітап

6. Малолетко А.М. Палеотопонимика. –Томск: Изд-во Томского университета. 1992. – 264 с. – кітап

7. Абдрахманов М.А., Бонюхов А.А. Топонимические названия Шории//Языки и топонимия Сибири. I. – Томск: Изд-во Томского университета, 1966. – С.159-169. - кітап

8. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 256 б. – кітап

9. Мақұлбек А.Б. Қазақ топонимдерінің фоносемантикалық сипаты. Филол.ғ.к., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2008. – 128 б.

10. Каймулдинова К.Д. Топонимика: оқулық. Алматы: Дәуір, 2011. – 584 б. – кітап

11. Талат Текин. Орхон түрікшесінің рамматиқасы. – Стамбул: ТДК баспасы, 2003. – 273 б. – кітап

12. Махмұт Қашқари «Дивани лұғат-ит Түрк» сөздігі әзірлеген Türk Dili Kurumu. 1-том. – Стамбул, ТДК баспасы, 2003. – 784 б. – кітап

Ж.К. Адилова¹, А.А. Қасымова²

¹Университет Алихана Бокейхана, Семей, Казакстан

²Университет имени Шакарима города Семей, Семей, Казакстан

Общие черты казахской и древнетюркской топонимической системы

Аннотация. Сегодня топонимы, помимо символической деятельности, которая дает необходимые ориентиры для жизнедеятельности страны, имеют большое общественно-политическое значение и выходят на первый план с национальными, познавательными характеристиками. Потому что топонимы появляются, живут и служат только в человеческом обществе, и не могут оставаться вне изменений, происходящих в этом обществе. Со временем эти изменения станут историей. События вчерашнего дня – это история сегодняшнего дня. Топонимы казахского народа дают знать о многовековой истории народа, ведет историю нашей страны к очень ранним периодам. По этой причине изучение названий земель и вод становится одной из актуальных на сегодняшний день проблем, связанных с изменением, забвением многих топонимов в разный исторический период, прошедшей в нашей стране. Поскольку топонимы являются источником исторических памятников народа, изучение особенностей топонимической системы от древнетюркского до сегодняшнего дня, историко-этимологический анализ – одна из актуальных проблем. Изучение казахской топонимики в контексте тюркской идентичности позволит модернизировать уникальную историческую модель кочевой цивилизации, а также укрепить общую тюркскую интеграцию. Обращая внимание на общие топонимы в казахском и других тюркских языках, мы обратили внимание на сходство в употреблении географических терминов и суффиксов в названиях. Общие исторические особенности, сохранившиеся в топонимах от древнетюркского языка до наших дней, привели к этому исследованию. В статье изучается использование тюркских географических терминов в древнем и современном тюркских языках, объясняются общие черты. Цель статьи – выявить общие черты и особенности топонимов в казахском и древнетюркском языках, а также выявить общие аспекты топонимов в тюркских диалектах. По этой причине географические названия были сопоставлены и изучены.

Ключевые слова: топоним, название земли, история, тюркские языки,

ИДЕНТИЧНОСТЬ

J.C. Adilova¹, A.A. Kasimova²

¹Alikhan Bokeykhan University, Semey, Kazakhstan

²University named after Shakarim of Semey city Semey, Kazakhstan

Common features of the Kazakh and ancient Turkic toponymic system

Annotation. Today, toponyms, in addition to symbolic activities that provide the necessary guidelines for the life of the country, have great socio-political significance and come to the fore with national, cognitive characteristics. Because toponyms appear, live and serve only in human society, and cannot remain outside of the changes taking place in this society. Over time, these changes will become history. The events of yesterday are the history of today. The toponyms of the Kazakh people make it known about the centuries-old history of the people, leads the history of our country to very early periods. For this reason, the study of the names of lands and waters is becoming one of the current problems associated with the change, oblivion of many toponyms in different historical periods that have passed in our country. Since toponyms are the source of historical monuments of the people, the study of the features of the toponymic system from ancient Turkic to the present day, historical and etymological analysis is one of the urgent problems. The study of Kazakh toponyms in the context of Turkic identity will modernize the unique historical model of nomadic civilization, as well as strengthen the overall Turkic integration. Paying attention to common toponyms in Kazakh and other Turkic languages, we drew attention to the similarity in the use of geographical terms and suffixes in names. The general historical features preserved in toponyms from the ancient Turkic language to the present day led to this study. The article studies the use of Turkic geographical terms in ancient and modern Turkic languages, explains the common features. The purpose of the article is to identify common features and peculiarities of toponyms in the Kazakh and ancient Turkic languages, as well as to identify common aspects of toponyms in Turkic dialects. For this reason, geographical names were compared and studied.

Key words: toponym, name of the land, history, Turkic languages, identity

References

1. Nazarbaev N.A. At the turn of the century. – Almaty: Atamura, 2003. – 256 p. - book
2. Dictionary of the Kazakh language. editors: A.Bolganbaev, B.Qaliev, S.Bizaqov. – Almaty: Dajk – Press, 1999. – 776 p. – book
3. Molchanova O.T. Toponymic Dictionary of Mountain Altai. by editor: A.T. Tybykovej. – Gorno-Altajsk: Gorno-Altajskoe otdelenie Altajskogo knizhnogo izdatel'st, 1979. – 337 p. – book
4. Tynzher Gulensoj. Toponymic Turkish Dictionary. Volume 2. – Ankara, Yayin evi, 2011. – 1204 p. – book
5. Murzaev E.M. Dictionary of folk geographic terms. – Moskov: Mysl, 1984. – 653 p. – book
6. Maloletko A.M. Paleotoponymys. – Tomsk: Izd-vo Tomskogo universiteta, 1992. – 264 p. – book
7. Abdrahmanov M.A., Bonyuhov A.A. Toponymic names of Shoria // Languages and toponymy of Siberia. – Tomsk: Izd-vo Tomskogo universiteta, 1966. – P.159-169. – book
8. Qojshybaev E. Dictionary of names of lands and waters of Kazakhstan. – Almaty: Mekterp, 1986. – 256 b. – book
9. Maqlbek A.B. Phonosemantic characteristics of Kazakh toponyms. - Dissertation for the

degree of Candidate of Philological Sciences. – Almaty, 2008. – 128 p.

10. Qaymuldinova Q.D. Toponymic. – Almaty: Davir, 2011. – 584 p. – book

11. Talat Tekin. Grammar of the Orkhon monuments. – Stambul: TDK, 2003. – 273 p. – book

12. Mahmut Qashqari. Dictionary of Divani luğat-it Türik. Editor: Türik Dili Kurumu. Volume 2. – Istanbul, TDK, 2003. – 784 p. – book

Авторлар туралы мәліметтер

Адилова Жанар Кадыровна - филология білім беру бағдарламасының 3 курс докторанты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей, Қазақстан.

Қасымова Асем Аленовна – түркология бойынша PhD доктор, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының аға оқытушысы, Семей, Қазақстан.

Adilova Zhanar Kadyrovna - 3rd year doctoral student of the philological educational program of the Kazakh Innovative Humanitarian and Law University, st. Mangilik el 11, Semey, Kazakhstan.

Kasymova Asem Alenovna - Candidate of Turkic Sciences, Shakarim University, Semey, Senior Lecturer of the Department of Kazakh Philology and Journalism, Semey, Kazakhstan.